

Түркістан облысы
«Bal-Balause» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Өндірістік кеңес

ЖШС «Bal-Balaua» бөбекжай -бала бақшасы»

Өндірістік кеңесінің

Төрткүл ауылы

Хаттамасы №1

03.09.2025 ж

Күнтәртібі:

1. Жаңа оқу жылының міндеттемесімен таныстыру, бекіту.
2. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы
3. Қызметкерлердің ішкі тәртібі
4. Өз білімін көтеру бойынша ұсыныстар

Қаралды:

1. **Бірінші** мәселе бойынша балабақша әдіскері 2025-2026 оқу жылына арналған міндеттемесімен таныстырды. Ол бойынша ұйымдастырылған ісәрекеттер ойын түрінде, кіріктірілген негізде өткізілетіне назар аударылғанын айтты. Яғни, мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда денсаулық, танымдық, қарым-қатына, әлеуметтік дағдыларды дамытуға басымдық беріледі.
2. **Екінші** мәселе бойынша, балабақша әдіскері жазғы сауықтыру шараларының қорытындысын баяндады. Яғни, ұйымдастырылған оқу қызметінің жеңілдетілген формадағы сауықтыру шараларының жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, қадағаланғанын айтты.
3. **Үшінші** мәселе бойынша, шаруашылық меңгерушісі қызметкерлердің ішкі тәртібімен таныстырды
4. **Төртінші** мәселе бойынша, «Өз білімін көтеру» бағытында жалпы педагогтарға берілген тақырыптың 3 жыл көлемінде жүзеге асатынын айтты. Яғни, жаңадан келген педагогтарға жаңа тақырып еріп, ал тақырып алған педагогтар өз бетінше жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізіліп жатанын айтты.

Шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылындағы міндеттемелерді іске асыру балабақша әдіскеріне және педагог мамандарға жүктелсін
2. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындылансын.
3. Қызметкерлердің ішкі тәртібі қатаң сақталсын.
4. Өз білімін көтеру бойынша ұсыныстар тыңдалсын және жүзеге асырылсын.

Балабақша меңгерушісі:

Б. Уәлі.Б

Хатшы:

Иманбердиева.Ж

Иманбердиева.Ж



ЖШС «Bal-Balausea» бөбекжай бақшасы»

Өндірістік кеңесінің

Төрткүл ауылы

Хаттамасы №2

27.11.2025ж

Күн тәртібі:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын талдау.

Қаралды:

«Білімді ұлт» ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған бағдарламаға талдау жасалынды. Бағдарлама барысында

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2025 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық

құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Шешімі:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие процесіне кіріктірілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:

Иманбердиева.И



ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 16 наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны

Төрайымы: Уәлі.Б

Хатшы: Иманбердиева.Ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жылдың 2-жартысында науқастануды талдау
2. Мектепке дейінгі ұйымның санитарлық жағдайы және тамақтану сараптамасы
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар
4. Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Медбике 2026 жылдың екінші жартыжылдығы бойынша балалардың науқастану деңгейіне талдау жасады. Талдау нәтижесінде маусымдық аурулардың (ЖРВИ, тұмау) өсуі байқалғаны айтылды. Кейбір топтарда сырқаттану деңгейі жоғары екені анықталды. Алдын алу шараларын күшейту қажеттігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Медбике ұйымның санитарлық жағдайы туралы баяндады. Топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, кварцтау жұмыстарының жүргізілуі тексерілгені айтылды.

Тамақтану сапасына жүргізілген сараптама нәтижесінде ас мәзірінің талаптарға сай екендігі, бірақ кейбір күндері тағам түрлерінің әртүрлілігі жеткіліксіз екені атап өтілді.

3-мәселе бойынша:

Төрайым балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтарды сақтау қажеттігі туралы айтты. Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, санитарлық талаптар бойынша барлық қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізілгені хабарланды. Нұсқаулықтарды қатаң сақтау қажеттігі ескертілді.

4-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралды:

жазғы кезеңге дайындық

ата-аналармен жұмыс

топтардың материалдық-техникалық базасын толықтыру

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Шаруа меңгерушісі аурудың алдын алу шараларын күшейту туралы ұсыныс айтты.
2. Әдіскер санитарлық талаптарды күнделікті бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.
3. тәрбиеші Шәріпбекова У балалар қауіпсіздігіне байланысты жауапкершілікті арттыру керектігін айтты.

ШЕШІМ:

1-мәселе бойынша:

науқастану деңгейін төмендету бойынша профилактикалық жұмыстар күшейтілсін;

Таңертеңгі сүзгі (фильтр) қатаң бақылауға алынсын;

Ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2-мәселе бойынша:

Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау тұрақты бақылауда болсын;

Тамақтану сапасы мен ас мәзірінің әртүрлілігі арттырылсын;

Күнделікті тазалық жұмыстары қадағалансын.

3-мәселе бойынша:

Қауіпсіздік нұсқаулықтары барлық қызметкерлер тарапынан қатаң сақталсын;

Қайта нұсқама жүргізу ұйымдастырылсын;

Балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік күшейтілсін.

4-мәселе бойынша:

Жазғы маусымға дайындық жоспары бекітілсін;

Ағымдағы мәселелер кезең-кезеңімен шешілсін.

Төрайымы: *Б. Уәлі.Б*

Хатшы: *Иманбердиева.Ж*



ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Күні: 12 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны

Төрайымы: Уәлі.Б

Хатшы: Иманбердиева .Ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
3. Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы баяндады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күннің ыстық уақытында серуендеу уақытын шектеу, көлеңкелі аймақтарды пайдалану, су ішу режимін сақтау, санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң орындау қажеттігі атап өтілді.

Сонымен қатар, жазғы кезеңде жарақаттанудың алдын алу, ойын алаңдарының қауіпсіздігін тексеру, алғашқы медициналық көмек көрсетуге дайын болу қажеттігі ескертілді. Қызметкерлерге қауіпсіздік нұсқаулықтары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

2-мәселе бойынша:

Мекеме меңгерушісі қызметкерлердің жазғы демалыс кестесінің жобасын таныстырды. Демалыс кестесі еңбек заңнамасына сәйкес және өндірістік қажеттіліктерді ескере отырып жасалғаны айтылды.

Қызметкерлер тарапынан ұсыныстар тыңдалып, кейбір өзгерістер енгізілді. Демалыс кестесін келісіп бекіту ұсынылды.

3-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралды:

жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары;
ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

топтардың материалдық-техникалық базасын толықтыру;
жөндеу жұмыстарының барысы.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Медбике – жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін күшейту қажеттігін атап өтті.
2. Г.Салыбай демалыс кестесін әділ және тең бөлу туралы ұсыныс білдірді.
3. Шаруашылық меңгерушісі санитарлық талаптарды сақтаудың маңыздылығын айтты.

ШЕШІМ:

1-мәселе бойынша:

Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар қатаң сақталсын;

Қауіпсіздік техникасы және санитарлық талаптар бойынша тұрақты бақылау жүргізілсін;

Жарақаттанудың алдын алу шаралары күшейтілсін.

2-мәселе бойынша:

Қызметкерлердің демалыс кестесі бекітілсін;

Демалыс беру еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылсын;

Қажет болған жағдайда кестеге өзгерістер енгізу қарастырылсын.

3-мәселе бойынша:

Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін;

Ағымдағы мәселелер кезең-кезеңімен шешілсін;

Жауапты тұлғаларға бақылау тапсырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Уәлі.Б

Иманбердиева.Ж